

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшерін ұлғайту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 112 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1512. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 24 қыркүйектегі N 112 қаулысымен

Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2007.09.24. N 112 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қаранды) Қаулысымен.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың (бұдан әрі - уәкілетті ұйымдар) қаржылық тұрақтылығын нығайту және жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жаңадан құрылған немесе жұмыс істеп тұрған уәкілетті ұйымдар біреуден артық айырбастау пунктін ашқан жағдайда олардың жарғылық капиталы әрбір жаңадан ашылатын айырбастау пункті үшін 50 мың теңгеге ұлғайтылуға тиіс.
2. Біреуден артық айырбастау пункті бар уәкілетті ұйымдар 2001 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде өзінің жарғылық капиталын осы қаулының 1-тармағының талаптарына сәйкес келтіруге міндettі.
3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді.
4. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):
 - 1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдастын;
 - 2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары:
 - 1) төрт күндік мерзімде осы қаулыны уәкілетті ұйымдарға жіберсін;
 - 2) уәкілетті ұйымдардың осы қаулыны орындауына бақылау жасасын.
6. Халықаралық қатынас және жүртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК